



ЕҢБЕК ЖӘНЕ ТЫЛ АРДАГЕРЛЕРІ ДЕ ҚҰРМЕТКЕ ЛАЙЫҚ!

 7 мамыр – Отан қорғаушылар күні мен 9 мамыр – Жеңіс күніне орай, облыстық архив директоры бастаған мекеме қызметкерлері еңбек және тыл ардагері, тарихшы, архив саласының ардагері Мұсабеков Кәрібек ақсақалдың үйіне барып, құттықтап қайтты.

 Кәрібек ақсақал өмірін халыққа қызмет етуге арнаған жан. 1937 жылы дүниеге келіп, соғыстан кейіңгі ауыр күндерді бастан кешті. Қиыншылыққ мойымаған ардагер атқарушы биліктің түрлі сатыларынан өткен. Шу аудандық архивін 1960 жылдары басқарған. Өзінің емес, өңірдің тарихын жетік білетін кеудесі шежіреге толы абыз ақсақал.

